

KASE АПТАЛЫҒЫ

19–23 Сәуір, 2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ Қазақстан қор биржасында "KazTransCom" АҚ [KZ000A1CTGM4](#) (KZTC) жай акцияларының және "Қазақстан тұрғын үй құрылыс компаниясы" АҚ [KZ2C00006641](#) (BTDVb3) сауда-саттықтары қайта басталады.
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Жәйрем Марганеці" АҚ [KZ1C00012020](#) (MNZH) облигацияларының сауда-саттықтары ашылады.
- ▲ KASE "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ KZ1C00001619 (KZAP) және US63253R2013 (KZAPd) ЖДҚ жай акциялары үшін бастапқы маржа мқлшерлемесінің жаңа мәнін және концентрация мөлшерлемесін [бекітті](#).
- ▲ KASE KAZ Minerals PLC GB00B0NHZPV38 (GB_KZMS) жай акцияларын "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операциялары мәні ретінде пайдалануға тыйым [салынды](#).
- ▲ Алматы облысының жергілікті атқарушы органының KZMJ00000941 (ATK024_094) облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына [енгізілді](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында MEUKAM-156 ([KZKD00001103](#), MUM156_0007) жетінші шығарылымын, MEUKAM-120 ([KZKD00000899](#), MUM120_0017) 17-ші шығарылымын және MEUKAM-084 ([KZKD00000881](#), MUM084_0017) 17-ші шығарылымын орналастыра отырып, 38,6 млрд теңге тартты.
- ▲ "Лизинг Групп" АҚ Қазақстан қор биржасында KZ2C00006369 (LZGRb1) облигацияларын жылдық 13,50 % орналастыра отырып, 350,0 млн теңге [тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "ТехноЛизинг" ЖШС KZ2P00007362 (THLZb4) облигацияларын жылдық 17,00 % орналастыра отырып, 452,8 млн теңге [тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Fincraft Group" АҚ KZ2P00006190 (NCOMb2) облигацияларын жылдық 13,50 % орналастыра отырып, 15,0 млн теңге [тартты](#).
- ▲ Алматы облысының әкімдігі Қазақстан қор биржасында KZMJ00000941 (ATK024_094) екі жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 3,7 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Tethys Petroleum Limited Компаниясы Pope Investments II ЖШС-мен бұрын жарияланған орналстыруды [аяқтады](#).
- ▲ "Альфа-Банк" Еншілес Банкі АҚ 2020 жылға жай акциялары бойынша дивиденд [төледі](#).
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC Компаниясы құқығын жүзеге асырудан кідіре тұру туралы келісімді ұзартқаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ KAZ Minerals PLC компаниясы LSE және KASE-де компания акцияларының 49,80 % акционерлерімен NOVA RESOURCES B. V. тарапынан түпкілікті жоғары ұсынысты қабылдағаны және GB00B0NHZPV38 (GB_KZMS) жай акцияларының жоспарланатын делистингі туралы ақпаратты ағылшын тілінде [ұсынды](#).
- ▲ Moody's Investors Service "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ рейтингін [растады](#).
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ 2021 жылдың бірінші тоқсанына өндірістік қызметінің нәтижесі туралы [хабарлады](#).
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ Директорлар кеңесінің жалпы жиналысының 2020 жылға компанияның таза табысын бөлу тәртібі және 2020 жылға жай акциялары бойынша дивиденд көлемі туралы ұсыныстары туралы [хабарлады](#).
- ▲ "КазТрансГаз" АҚ XS1682544157, US48668NAA90 (KZTGe1) халықаралық облигациялары ұстаушыларының жиналысы қорытындысы туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ 20201 жылдың бірінші тоқсанына "Fixed Income" ЖЗИҚ KZPF00000082 (FFIN_or) үлеспұлдарын ұстаушыларға төлем туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Fincraft Group" ЖШС KZ2D00005949 (NCOMb1) 3,9 млн облигацияларын сатып алу туралы [хабарлады](#).

23.04.2021		Трендтер (%)	
KASE Индексі	3 235,74	-0,7	4,6
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7к	Δ 7а
Казхтелераком, прив. акция	15 605,0	9,0	17,8
Казхтелераком	30 797,0	6,8	13,6
Банк ВТБ	0,3	3,7	27,3
Kcell	2 535,0	2,3	7,0
Сбербанк	1 655,3	1,6	1,6
Банк ЦентрКредит	234,5	0,2	4,2
Аэрофлот	429,8	0,2	-2,3
KEGOC	1 720,0	-0,0	3,5
КазТрансОйл	1 120,0	-0,6	-0,4
Газпром	1 318,0	-0,7	2,1
Bank of America Corporation	16 727,5	-0,8	1,4
KAZ Minerals	4 325,0	-1,5	-9,4
НАК Казатомпром	12 499,0	-2,7	16,8
Freedom Holding Corp.	20 858,9	-5,6	-5,1
Народный банк	146,8	-7,1	-2,8

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE Индексі 0,7% төмендеп, 3 235,74 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкі жай акцияларымен жасалды – 2 950 мәміле (46,5% жалпы үлесінен). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Халық жай қағаздарына келді – 422,5 млн теңге (жалпы үлесінен 32,4%).

Қор нарығының оқшауланған индикаторы апта бойы төмендеді, тек қана жұма күнгі сауда-саттық қорытындысы бойынша индекс алдыңғы сессияның шығындарын ішінара өтей алды.

Екінші апта қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ акциялары өсімінің көшбасшысы болып келеді, оның бағасы 6,8% өсті. Телекоммуникациялық компания акциялары сәуір айының басында компанияның 2020 жылға шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есебі шыққан соң белсенді өсімге аяқ басты. 2020 жылға таза табыс өсімі түріндегі мықты қаржылық көрсеткіштер 8,3% өсті, сондай-ақ 2020 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд төлеу жоспары 2019 жылдың қорытындысына қарағанда 2,2 есе артып, компанияның нарықтық бағасы өсуіне қызмет етті. Сонымен қатар, «Қазақтелеком» АҚ еліміздегі тұрақты және сымсыз байланыс, кабельді теледидар нарығында, сондай-ақ бұлтты есептеу нарығының 18% алдыңғы қатардан орын алады.

Сонымен қатар, Fitch Ratings халықаралық рейтинглік агенттігі Қазақстанның банктік жүйесі бойынша болжамды «негативті» деңгейінен «тұрақты» деңгейінде растады. Қазақстанның банктік секторындағы макроэкономикалық жағдайға арналған агенттіктің шолуында 2020 жылы ІЖӨ баяулауы және пандемияның экономикалық салдары несиенің құнсыздануына (LIC) шығынның өсуіне біршама әсер етті. Соңғы жылдары несие өсіп, табыстың тұрақты сақталуына қатысты банктердің көпшілігі капиталдың үлкен резервтерін жинақтады, және Fitch болжамы бойынша капиталдың жеткіліктілігі көрсеткіші жоғары деңгейде қалады деп күтілуде. Fitch пікірі бойынша, несие тәуекелінің көпшілігі шоғырландырылған және доллармен корпоративтік қарыздар мен ұзақ мерзімді жобалық қаржыландырумен байланысты. Алайда корпоративтік несиелендіру секторының 24% активін құрайды, сонымен қатар, өзге де активтер сияқты неғұрлым төмен несие тәуекелін құрайды. Осы жағдайда банктің акциялары әр түрлі бағыттағы қозғалысты көрсетті: «Банк ЦентрКредит» қағаздары 0,2% өсті, сол уақытта Халық банктің акциялары 7,1% төмендеді.

KAZ Minerals акциялары Лондон қор биржасымен (LSE) делистингілеу аясында төмендеуін жалғастырды. Компанияның өзі делистингілеуден кейін жауапкершілігі шектеулі жеке компанияға қайта тіркелуді жоспарлауда. Компания ЖДҚ эмитент акцияларын көрсететін FTSE 250 индексінен шығарылған, LSE-де нарықтық капиталдандыру бойынша 101-ден 350-ге дейінгі орынға ие болуда. Сонымен қатар, KAZ Minerals-қа тиесілі Чукоткадағы «Баимская» жобасы Арктиканы дамыту стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары аясында, 2021 жылдың IV тоқсанында РФ мемлекеттік қолдау алуға мүмкіндігі бар.

«Баимская» 2027 жылдың соңына дейін өндірісті бастайды деп күтілуде, және руданы өңдеудің жылдық қуаты 70 млн тоннаны құрайды. Құрылыстың болжамды капиталды бюджеті – \$8 млрд-қа жуық. KAZ Minerals акцияларын сатып алу туралы ұсынысты ұзақ мерзімді өсімге бағытталған капиталды қажет ететін стратегияны (атап айтқанда, Баимская жобасы) жүзеге асырумен шешті, бұл кейбір инвесторлар арасында келіспеушіліктер туғызуы мүмкін.


Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылдың I тоқсанында өндірістік қызмет қорытындысы туралы хабарлады. Компания «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау көлемі жеке 10,2 млн тоннаны құрағандығын хабарлайды, ол 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6% төмен. Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық мұнай құбыры жүйесі бойынша жеке 8,7 млрд тонна-шақырымды құрады, ол 2020 жылдың қаңтар-наурызына қарағанда, 3,6% кем. Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 10,7 млрд тонна-шақырымды құрады, яғни 0,7% қысқарды. Компания қағаздары соның аясында 0,6% төмендеді.



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 60 б.н. артып, жылдық 8,54% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 2 б.н төмендеп, жылдық 8,06% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 273,8 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке 16%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қисық кірістілігі

Өтеу кірістілігі, жылдық





Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 0,34 (0,1%) теңгеге өсіп, \$484 млн (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішіне қарағанда -32,6%) құрады. АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы саны 1 234 құрады (алдыңғы аптаның сәйкес кезеңіне қарағанда -766). Максималды бағасы бір АҚШ долларына 432,60 теңге, минималды бағасы – 429,50 теңге.


Есептік апта қорытындысы бойынша мұнай бағасының төмендеуі аясында доллар теңгеге қатысты өсті. Алайда, аптаның екінші жартысында теңге өзінің позициясын ресей рублінің нығаюына байланысты қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Мұнай баға белгілеулері инвесторлардың қаупі аясында Үндістанда және Жапонияда коронавирус жұқтыру жағдайы өсуіне байланысты азайды. Үндістан үкіметі, бір апта бойы тәулігіне 200 мыңнан астам ауру жағдайы тіркелуіне байланысты, бірқатар қалаларда жаңа карантин шараларын жариялады, сонымен қатар, жеке жапон префектурасында да ауру жағдайы көбеюіне байланысты төтенше жағдай режимі енгізілді. Нарыққа қосымша қысым көрсеткен АҚШ мұнай қорының күтпеген жерден өсуі ықпал етті. АҚШ Энергетика министрлігінің апта сайынғы баяндамасы мәліметтеріне сәйкес, 18 сәуірге аяқталған, еліміздегі коммерциялық мұнай қоры соңғы төрт аптада алғаш рет артты. Сонымен қатар, жерорта теңізі порттарының бірі арқылы ливия мұнайының экспортын тоқтата тұру мұнай нарығының пайдасына шешілді. National Oil Corp Ливия мұнай компаниясы дүйсенбі күні «Харига» портынан жеткізуге форс-мажор жариялады, және еліміздің орталық банкімен келіспеушіліктер болғаны үшін өзге де нысандарға шараларды тарата алатыны туралы хабарлады.

Сонымен қатар, АҚШ долларының рубльге бағамы РФ Қорғаныс министрі Сергей Шойгу 23 сәуірден бастап, әскерлерді тексеру аяқталуына байланысты Оңтүстік және Батыс әскери округінің әскери бөлімшелерін шығару басталғаны туралы хабарлады. Бұрын Киев Москваны Украинамен шекарасында әскерді шоғырландырғаны жөнінде хабарлаған. Сонымен қатар, Ресей ОБ негізгі мқлшерлемені 0,5 б.н. 5% дейін арттырғаны туралы хабарлады. Bloomberg консенсус- болжамына сәйкес сарапшылардың көпшілігі 0,25 б.н. артатындығын айтты.

Brent наурыз айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында жұма күні бір баррельге \$66,11 (-1%) құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы 74,9806 (-1,1%) құрады.

Ресей рублінің құны 0,0617 теңгеге (1,1%) өсіп, 5,7173 теңгені құрады. Қытай юані 0,4104 теңге (0,6%) до 66,4046 теңгені құрады.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	600,90	1,3	2,5	5,2
— USDKZT	432,21	0,5	2,6	2,7
— EURKZT	520,38	1,0	3,9	0,8
— CNYKZT	66,59	0,9	2,9	3,3
— RUBKZT	5,67	1,1	-0,4	0,4

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

23.04.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	4 180,17	-0,1	7,5	49,4	-0,1	Мұнай (Brent)	66,11	-1,0	2,6	209,9
Dow Jones	34 043,49	-0,5	5,0	44,8	-0,4	Мұнай (WTI)	62,14	-1,6	1,6	276,6
PTC	1 511,85	1,0	5,2	37,5	0,9	Табиғи газ	2,73	1,9	8,4	50,4
MMBB	2 285,53	0,0	0,0	0,0	0,9	Мыс	433,60	4,0	6,5	87,5
Hang Seng	29 078,75	0,4	4,2	21,3	0,2	Темір	1 222,50	4,0	6,3	80,7
SS CSI 300	5 135,45	3,4	4,2	34,1	3,4	Алтын	1 777,20	0,0	2,5	2,7
Euro Stoxx 50	4 013,34	-0,5	4,7	40,7	-0,4	Күміс	26,08	-0,1	3,5	69,8
FTSEuroFirst	4 369,50	-0,9	3,5	29,7	-0,9	Астық	710,25	8,9	13,7	29,8
FTSE 100	6 938,56	-1,2	3,4	19,1	-1,1					
KASE	3 235,74	-0,7	4,6	43,4						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

28.04	ФРС пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешімі	USD		
29.04	ІЖӨ (т/т) (1Т)	USD	6,5%	4,3%
29.04	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	560K	547K
30.04	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділіктің индексі (PMI)	CNY	51,7	51,9
30.04	Германия ІЖӨ (т/т) (1Т)	EUR	-1,5%	0,3%
30.04.	Тұтыну бағасы индексі (ж/ж) (сәуір)	EUR	1,6%	1,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

2020 жыл
басына

Жылдық инфляция	7,0%	01.04.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

MOODY'S

FitchRatings

BBB-/A-3
тұрақты

06.03.21

BBB- тұрақты

Ваа3 позитивті

17.02.21

Ваа3 позитивті

BBB тұрақты

20.02.21

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.